

**С.Д. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰМУ МЕКТЕБІНІҢ 75
ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ФАРМАЦИЯДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР: БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ
ШЕҢБЕРІНДЕГІ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ХАТТАМАСЫ**

**Ұйымдастырушылар: С.Д. Асфендиярова атындағы ҚазҰМУ КеАҚ,
«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ және «Денсаулық сақтау» бағыты
бойынша РОӘК ОӘБ фармацевтикалық білім беру бағдарламаларының Жобаларды
басқару тобының қатысуымен.**

21 МАМЫР 2026 ЖЫЛ

Семинардың басталуы: 14.00 - 18.00

Өткізілетін орны: Алматы қ., Төле би көшесі 94

Аудитория: 118, ректорат

Қатысушылар саны: 14 қатысушы

Модератор: Ибрагимова А.Г. – ЖБТ жетекшісі, фармацевтика ғылымдарының кандидаты, ОҚМА фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасының меңгерушісі.

Дөңгелек үстел қатысушылары:

1. **Имашева Багдат Сакеновна** – РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, биология ғылымдарының докторы, профессор, «МУА» КеАҚ.
2. **Устенова Гульбарам Омаргазиевна** – фармация ғылымдарының докторы, профессор, «С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ фармацевтикалық технология кафедрасының меңгерушісі.
3. **Кожанова Калданай Каржауовна** – фармация ғылымдарының кандидаты, доцент, С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КеАҚ Инженерлік пәндер және озық тәжірибе кафедрасының меңгерушісі.
4. **Тлеубаева Меруерт Ильясовна** – PhD, қауымдастырылған профессор, С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КеАҚ фармацияны ұйымдастыру, басқару және экономикасы, клиникалық фармация кафедрасы.
5. **Курманалиева Шынар Мухтаровна** – «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» БПБ төрағасы, С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КеАҚ ИП және ОТ кафедрасының профессор ассистенті.
6. **Каюпова Фарида Елеусизовна** – фармация ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МEBBM фармацевтикалық пәндер кафедрасының меңгерушісі.
7. **Бактығалиева Айгул Кангереевна** – «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» АҚ клиникалық-фармакологиялық бөлімінің жетекшісі.
8. **Есимова Айдана Уалихановна** – «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету орталығының жетекшісі.
9. **Адилова Бахыт Абеуовна** – С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ «АҚСАЙ» Республикалық балалар клиникалық ауруханасының дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісі.
10. **Карбаева Марианна Сейдахметовна** – Алматы қ. ДСБ «Жоғары медициналық колледжінің» директоры.
11. **Ахметова Бахша Баужановна** – «Диана» жоғары медициналық колледжінің директоры.
12. **Токбергенова Гульмира Тельмановна** – «Интердент» жоғары медициналық колледжінің директоры.
13. **Тугулбаева Каншаим Атаевна** – Алматы қ. «Республикалық жоғары медициналық колледжі» ЖШС оқытушысы.

14. Рузденова Найля Бексаутовна – Профессор Рузуддинов атындағы Жоғары медициналық-стоматологиялық колледжінің директоры.

Күн тәртібі

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ҮШІН ФАРМАЦИЯДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ РӨЛІ

Отырыстың барысы:

Тындалды: «С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті» КеАҚ алаңында өткен Дөңгелек үстел аясында және «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ фармацевтикалық білім беру бағдарламаларының Жобаларды басқару тобының қатысуымен фармацевтикалық білім беру, ғылым және практикалық денсаулық сақтау саласының жетекші сарапшылары фармацевтика желісі үшін кадрлар даярлаудың заманауи сын-тегеуріндері мен болашағын талқылады.

РОӘК ОӘБ оқу-әдістемелік бөлімі төрағасының орынбасары, биология ғылымдарының докторы, профессор, Астана медицина университетінің өкілі Багдат Сакеновна Имашева құттықтау сөз сөйледі. Өз сөзінде ол денсаулық сақтау жүйесінің жаһандық өзгерістері жағдайында медициналық және фармацевтикалық білім беру сапасын арттыру үшін университеттердің, жұмыс берушілердің және кәсіби қоғамдастықтың күш-жігерін біріктірудің маңыздылығын атап өтті.

РОӘК ОӘБ фармацевтикалық білім беру бағдарламалары ЖБТ төрағасы Айгүл Гаффаровна Ибрагимова «Әлемдік қоғамдастықтың жаһандық трендтері мен сын-тегеуріндері шеңберінде «Фармация» білім беру бағдарламаларын жетілдіру» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада халықаралық білім беру стандарттарын енгізу, фармацевтикалық білімді цифрландыру, клиникалық фармацияны дамыту және болашақ мамандардың жаңа кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері қаралды.

Фармацияны ұйымдастыру, басқару және экономикасы, клиникалық фармация кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессоры Меруерт Ильясовна Тлеубаева фармацевтикалық білім беру бағдарламалары бойынша кадрларды даярлаудағы мультидисциплинарлық тәсіл мәселелерін баяндады. Спикер білім беру процесіне клиникалық, басқарушылық, технологиялық және зерттеу құзыреттіліктерін кіріктіру қажеттілігін атап өтті.

«Фармация» және «ФӨТ» ББ төрағасы, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің Инженерлік пәндер және тиісті практикалар кафедрасының профессор ассистенті Шынар Мухтаровна Курманалиева фармацевтикалық өндіріс үшін мамандар даярлауға және саладағы тиісті практикаларды енгізуге бағытталған заманауи білім беру бағдарламаларын дамыту тәсілдерін ұсынды.

Астана медицина университетінің өкілі Омари Азиза Муқатайқызы «Фармация» білім беру бағдарламасындағы жасанды интеллект: цифрлық сауаттылықтан қауіпсіз клиникалық практикаға дейін» тақырыбында баяндама жасады. Сөзінде заманауи фармацевтикалық кадрларды даярлауда жасанды интеллект технологияларын, цифрлық платформаларды және деректерді талдауды пайдаланудың болашағы қаралды.

Қатысушылардың ерекше назарын Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының клиникалық-фармакологиялық бөлімінің жетекшісі Айгүл Кангереевна Бактығалиеваның клиникалық фармацияны дамытуға және рационалды фармакотерапияны қамтамасыз етудегі фармацевттің рөліне арналған баяндамасы аударды. Спикер дәрілік терапияның қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету жүйесіндегі фармацевттің маңызын, сондай-ақ стационарлар мен клиникаларда мамандардың практикалық дайындығын күшейту қажеттілігін атап өтті.

Отырыс қорытындысы бойынша қатысушылар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесі үшін кадрлар даярлау саласында фармацевтикалық білімді одан әрі жаңғыртуға, цифрлық фармацияны дамытуға, жасанды интеллектіні енгізуге,

практикаға бағытталған оқытуды кеңейтуге және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған қауыл қабылдады.

Шешімі:

1. Халықаралық стандарттар мен денсаулық сақтауды дамытудың заманауи үрдістерін ескере отырып, фармацевтикалық білім беру бағдарламаларын одан әрі жаңғырту қажеттілігі қолдау тапсын.
2. Мамандарды даярлауда цифрлық технологияларды, жасанды интеллектіні және заманауи клиникалық практикаларды енгізуді қоса алғанда, пәнаралық және практикаға бағытталған тәсілді күшейту ұсынылсын.
3. Клиникалық фармация, фармакологиялық қадағалау, цифрлық фармация және дәлелді медицина саласындағы жаңа кәсіби бағыттар мен құзыреттіліктерді дамыту қолдау тапсын.
4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және білім алушылардың практикалық дайындығын ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдарының жұмыс берушілермен, ғылыми орталықтармен және медициналық ұйымдармен өзара іс-қимылын кеңейту ұсынылсын.
5. Фармацевтикалық білім мен ғылым саласындағы ғылыми зерттеулерді, академиялық ұтқырлықты және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ықпал етілсін.
6. Осы қарар ұсынылған ұсынымдарды одан әрі іске асыру үшін мүдделі ұйымдар мен отырыс қатысушыларына жіберілсін.

ЖБТ Төрағасы:



Ибрагимова А.Г.

Хатшы:



Туреханова А.С.